

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

18-сабақ

Тақырып: Цифрлар саны

Сынып жұмысы

1. 8 қабатты үйдің әр қабатында 10 пәтерден бар. Пәтерлерді нөмірлеу үшін, металдан жасалған цифрларға тапсырыс берді. Әр цифрды жасау 250 тг болса, жалпы шығын неше тг?
2. 1-ден бастап 1000-ға дейінгі сандарды бір қатарға үтірсіз жазып шықса, пайда болған сан неше таңбалы сан болады? 1000-ды қоса алыңыз.
3. 1-ден бастап 2024-ке дейінгі барлық сандарды үтірсіз бір тізбекке жазып шықты. Алынған сан неше таңбалы сан болды? Сандар, 123456789101112... түрінде 2024-ке дейін жазылады. 2024-ті қоса аламыз.
4. 1-ден бастап 100-ге дейінгі барлық сандарды үтірсіз бір тізбекке жазып шықты. 100-ші тұрған цифрды анықта. Сандар, 123456789101112... түрінде 100-ге дейін жазылады. 100-ді қоса аламыз.
5. 27-ден бастап барлық сандарды 4-ші тапсырмадағы ережемен бір тізбекке жазып шықса, 2024-ші тұрған цифр нешеге тең болады
6. 1-ден бастап 100-ге дейінгі барлық сандарды үтірсіз бір тізбекке жазып шықты. 0 цифры неше рет кездеседі?
7. 1-ден бастап 100-ге дейінгі барлық сандарды үтірсіз бір тізбекке жазып шықты. 1 цифры неше рет кездеседі?
8. 150 беттен тұратын кітапты нөмірлеу үшін неше цифр қолданылады?
9. Кітап беттерін 1-ден бастап нөмірлеуге 600 цифр қолданылған. Кітап неше беттен тұрады?
10. Егер кітаптың бірінші беті 3-нөмірден басталса, 120 бетті кітапты нөмірлеуге неше цифр қажет?
11. $\frac{1}{7}$ жай бөлшегін ондық бөлшек түрінде жазғанда 2024-ші орында қандай цифр тұрады?
12. Тақтада 2024 орынды сан жазылған. Осы санның кез-келген қатар тұрған екі цифрасы не 17-ге, не 23-ке бөлінетін екі таңбалы сан құрайды. Осы санның соңғы цифрасы 1 болса, ең бірінші цифрасы нешеге тең?